

Сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайды беру және Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына, мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды анықтау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 24 ақпандағы N 4/14 қаулысы. Қарағанды облысы Абай ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 ақпанда N 8-9-101 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 24 ақпандағы N 07/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Абай ауданының әкімдігінің 24.02.2015 N 07/01 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Абай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына, мәслихат депутаттығына кандидаттарға сайлаушыларымен кездесуі үшін 1 қосымшаға сәйкес үй-жайлар берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Президентігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына, мәслихат депутаттығына кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін 2 қосымшаға сәйкес орындар анықталсын.

3. Абай ауданы әкімдігінің 2007 жылғы 11 шілдедегі "Мәслихат депутаттығына кандидаттарының үгіт басылым материалдарын орналастыру орындары туралы" N 17/02 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде N 8-9-33 болып тіркелген, 2007 жылғы 18 шілдедегі N 29 "Абай-Ақиқат" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Нина Васильевна Сергееваға жүктелсін.

Абай ауданының әкімі

Е. Нашаров

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы
 Парламентінің депутаттығына, мәслихат депутаттығына кандидаттардың
 сайлаушылармен кездесулерді өткізу үшін үй-жайлардың тізбесі**

N	Елді мекен атауы	Сайлаушылармен кездесулер үшін үй-жайлардың мекенжайлары	Қамтитын ауданы (шаршы метр)
1	Сәрепті ауылы	Мәдениет үйдің көрермендер залы	100
2	Есенгелді ауылы	Ауылдық клуб	120
3	Самарка ауылы	Самарка орта мектебінің актілік залы	100
4	Ақбастау ауылы	Мәдениет үйдің көрермендер залы	120
5	Курмин ауылы	Курмин орта мектебінің сынып бөлмесі	40
6	Южный кенті	Мәдениет үйдің шағын залы	60
7	Құлаайғыр ауылы	Мәдениет үйдің көрермендер залы	60
8	Юбилейное ауылы	"Мерей" мектеп-бала бақша кешенінің актілік залы	80
9	Көксеу ауылы	Мәдениет үйдің көрермендер залы	100
10	Агрогородок ауылы	Ауылдық клуб, Садовая көшесі 5	80
11	Жартас ауылы	Мәдениет үйдің көрермендер залы	60
12	Қарабас кенті	Мәдениет үйдің көрермендер залы	90
13	Топар кенті	А. Құнанбаевтың атындағы орта мектебінің актілік залы	80
14	Вольный кенті	N 4 орта мектебінің сынып бөлмесі	30
15	Қызыл кенті	N 8 орта мектебінің сынып бөлмесі	30
16	Қараған кенті	Қараған орта мектебінің сынып бөлмесі	30
17	Абай қаласы	Музыкалық мектептің актілік залы	120

**Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы
 Парламентінің депутаттығына, мәслихат депутаттығына кандидаттардың
 үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындардың тізбесі**

N	Елді мекен атауы	Үгіттік баспа материалдарды орналастыру үшін орындардың дислокациясы
1	Сәрепті ауылы	Трудовая көшесі, ауылдық дәрігерлік амбулаторияның жанында
2	Есенгелді ауылы	Набережная көшесі, "Мечта" дүкенінің жанында

3	Самарка ауылы	Центральная көшесі, "Алена" дүкенінің жанында, Изумрудное ауылында, Изумрудное бастапқы мектебінің жанында
4	Ақбастау ауылы	Центральная көшесі 1 үй, Мәдениет үйінің жанында
5	Курмин ауылы	Қазақстанның 50 жылдығы және Спасск көшелерінің қиылысында
6	Южный кенті	Больничный көшесі 1 үй, ауылдық дәрігерлік амбулаторияның жанында
7	Құлаайғыр ауылы	Школьный көшесі 1а үй, ауылдық дәрігерлік амбулаторияның жанында
8	Юбилейное ауылы	Мичурина көшесі 12 үй, ауылдық дәрігерлік амбулаторияның жанында
9	Көксу ауылы	Центральная көшесі 19 үй, фельдшерлік-акушерлік пункт
10	Агрогородок ауылы	Центральный көшесі 3
11	Жартас ауылы	Центральная көшесі 6 үй, "Тумба" дүкенінің сауда алаңында
12	Қарабас кенті	Киров көшесі 16 үй, Қазпошта бөлімінің жанында
13	Топар кенті	Пономарев көшесі 13 үй, Қазпошта бөлімінің жанында, Орталық аудандық аурухананың әкімшілік корпусының жанында
14	Вольный кенті	Труда көшесі 34 үй, "Шурик" дүкенінің жанында
15	Қызыл кенті	Молин көшесі, 37 үйдің жанында
16	Қараған кенті	Нуринская көшесі 8 үй, "Надежда" дүкенінің жанында
17	Абай қаласы	Жеңіс даңғылы бойынша 1 а үй, пошта байланысы аудандық торабының жанында, Гете көшесі бойынша санитарлық-эпидемиологиялық басқарманың жанында